- Төртінші айдың соңында қақырық жұғынын екі реттік зерттеуде теріс нәтиже болса, науқас емнің ұстап тұрушы фазасына өткізіледі.
- Егер емнің төртінші айының соңында қақырық жұғыны оң нәтижелі күйінде қалса немесе науқаста бактериябөлушілік қайта қалыптасса, “Емнің сәтсіздігі” қойылады.
- Егер ТҚПтың бірінші қатарына ТМБның сезімталдығы сақталса науқас ІІ категорияда ем алу үшін қайта тіркеледі. Егер нақтыланған полирезистенттілік болса ТҚПдың екінші қатарымен емделуге ІV категорияға өткізіледі және оның нәтижесі “ІV категорияға өткізілген” деп аталады.
- Егер науқаста нақтыланған КДТ туберкулез (көптік дәрілік тұрақтылықты туберкулез) және К2ДТ туберкулез (кең дәрілік тұрақтылықты туберкулез) болса, І категория режимінің нәтижесіне қарамай науқас ІV категорияға өткізіледі және оның емінің нәтижесі “ІV категорияға өткізілген” деп аталады.

Ұстап тұрушы фаза төрт ай көлемінде интермиттирленген (аптасына 3 рет) немесе күнделікті режимде екі препаратпен – изониазидпен (H) және рифампицинмен (R) жүргізіледі.

- Егер ем басталғанға дейін изониазидке монорезистенттілік анықталған болса, ұстап тұрушы фаза этамбутол қосылуымен жүргізіледі.
- Туберкулездің ко-инфекциясы/ВИЧ пен науқастарға ұстап тұрушы фаза күнделікті режиммен жүргізіледі.
- Аурудың ауыр жағдайларында ұстап тұрушы фаза күнделікті немесе интермиттирленген режимде 7 айға дейін созылуы мүмкін.

II категориялы науқастарды емдеу

КЛИНИЧЕСКИЙ ПРОТОКОЛ

Туберкулез легких с сохраненной чувствительностью МТ с бактериовыделением и без бактериовыделения (инфильтративный, кавернозный, фиброзно-кавернозный, диссеминированный, очаговый, цирротический туберкулез, туберкулома легких, казеозная пневмония, туберкулезный плеврит) - II категория, повторные случаи.

Интенсивті фаза туберкулезді процестің таралуына және ауырлығына байланысты 3 айдан 5 айға дейінгі аралықта жүргізіледі. Ем басталуына дейін ДСТмен қақырықты дақылдық зерттеу жүргізіледі.

Ем бес ТҚПпен екі ай көлемінде жүргізіледі: изониазидпен (H), рифампицинмен (R), пиразинамидпен (Z), этамбутолмен (E) және стрептомицинмен (S) салмаққа сәйкес келетін дозировкаларда. Кейіннен ем төрт ТҚПпен жалғастырылады: изониазидпен (H), рифампицинмен (R), пиразинамидпен (Z), этамбутолмен (E), стрептомицинсіз;

- Үш ай аяқталған соң науқасты емнің ұстап тұрушы фазасына өткізу қақырық жұғынын ТМБна екі реттік зерттеуде нәтиже теріс болғанда мүмкін болады.

-Егер үшінші айдың соңында жұғын оң нәтижелі болса, онда ДСТ қайталап жүргізіледі және интенсивті фаза тағы бір айға созылады.

- Төртінші айдың соңында қақырық жұғынын екі реттік зерттеу теріс болған жағдайда науқас емнің ұстап тұрушы фазасына өткізіледі.

- Егер төртінші айдың соңында жұғын оң нәтижелі болса, онда интенсивті фаза тағы бір айға созылады.

- Бесінші айдың соңында қақырық жұғынын екі реттік зерттеуде теріс нәтижелі болса, науқас емнің ұстап тұрушы фазасына өткізіледі.
- Егер бесінші айдың соңында жұғын оң нәтижелі болса, онда науқасқа “Емнің сәтсіздігі” нәтижесі қойылады және ол IV категорияға қайта тіркеледі.
- Егер ДСТ нәтижесі КДТ ТБ (МЛУ ТБ) нақтыласа, онда қабылданып жатқан II категория режимі емінің нәтижесіне байланыссыз науқас IV категорияға қайта тіркеледі және оның емінің нәтижесі “IV категорияға өткізілген” деп аталады.

Ұстап тұрушы фаза бес ай көлемінде интермиттирленген (аптасына 3 рет) және күнделікті режимде үш ТҚПпен жүргізіледі– изониазидпен (H), рифампицинмен (R) және этамбутолмен (E);

- Туберкулез ко-инфекциясы/ВИЧпен науқастарға ұстап тұрушы фаза күнделікті режиммен жүргізіледі.
- КДТ ТБ (МЛУ ТБ) нақтылайтын ДСТ нәтижесі алынғанда, 5 жұмыс күні негізінде ОДКК көрсетіліп IV категорияға қайта тіркеледі және ТҚПдың екінші қатары тағайындалу сұрағы шешіледі.
- Балалар мен жасөспірімдердегі емнің сызбасы ересектерді емдеудің сызбасымен ұқсас.

Ересектерге арналған туберкулезге қарсы препараттардың тәуліктік дозасы (мг)

Препарат атауы	Салмақ (кг)			
	30-39	40-54	55-70	70 жоғары
<i>Интенсивті фаза – күнделікті қабылдау</i>				
Изониазид	200 мг	300 мг	300 мг	400 мг
Рифампицин	300 мг	450 мг	600 мг	750 мг
Пиразинамид	1000 мг	1500 мг	2000 мг	2000 мг
Этамбутол	600 мг	800 мг	1200 мг	1600 мг
Стрептомицин (1 гр.)	500 мг	750 мг	1000 мг	1000 мг
<i>Ұстап тұрушы фаза – күнделікті қабылдау</i>				
Изониазид	200 мг	300 мг	300 мг	400 мг
Рифампицин 150мг	300 мг	450 мг	600 мг	750 мг
Этамбутол 400мг	600 мг	800 мг	1200 мг	1600 мг
<i>Ұстап тұрушы фаза – аптасына 3 рет қабылдау</i>				
Изониазид	300 мг	600 мг	600 мг	700 мг
Рифампицин 150мг	300 мг	450 мг	600 мг	750 мг
Этамбутол 400мг	1200 мг	1600 мг	2400 мг	2400 мг

Ересектерге арналған салмақ диапазоны ескерілуімен НДКП тәуліктік дозасы

Салмақтық диапазон (кг)	Интенсивті фаза		Ұстап тұрушы фаза	
	2-5 ай ем категориясы және нәтижелілігіне байланысты		4-5 ай ем категориясына байланысты	
	күнделікті	күнделікті	күнделікті	Аптасына 3 рет
	RHZE 150мг+75мг+ 400мг+275мг	RHZ 150мг+75мг +400мг	RH 150мг+75мг	RH 150мг+150мг
	НДКП тағайындағанда препараттар саны			
30-37	2	2	2	2
38-54	3	3	3	3
55-70	4	4	4	4
71 және жоғары	5	5	5	5

Балалардағы ерекшеліктері

Милиарлы туберкулезбен, туберкулезді менингитпен және сүйек-буынды туберкулезбен науқас балаларды емдеудің жалпы ұзақтығы 12 айды құрайды: I категория науқастарына *интенсивті фаза* 4 айға дейін жүргізіледі, *Ұстап тұрушы фаза* - 8 айға дейін; II категория науқастарына *интенсивті фаза* - 5 айға дейін, *ұстап тұрушы фаза* - 7 айға дейін. Балаларды емдеу сызбасында стрептомицин тек туберкулезді менингит кезінде ғана және II категория емі режимінде алғашқы екі ай көлемінде қолданылады.

Балалардағы кеудеішілік лимфа түйіндерінің және өкпе туберкулездерінің таралған және асқынған түрлерінде (I және II категориялар) *интенсивті фаза* стационарда жүргізіледі, оның ұзақтығы емнің стандартты сызбасына байланысты ОДККмен шешіледі.

- бактериябөлмейтін туберкулезбен науқас балаларда емнің ұстап тұрушы фазасына өткізу процестің рентген-томографиялық динамикасына негізделіп жүргізіледі.
- Балаларға емнің ұстап тұрушы фазасын стационарлы, санаторлық және амбулаторлық жағдайда жүргізілуін ОДКК шешеді.
- Балаларға емнің ұстап тұрушы фазасы күнделікті режимде жүргізіледі.
- Емнің барысында балалар ай сайын салмағы өлшенеді және ТҚПтың дозировкасы реттеліп отырады.
- Патогенетикалық терапия туберкулезді процесс фазасына, жеке көрсеткіштеріне және қарсы көрсеткіштеріне байланысты негізгі химиотерапия курсына фонында жүргізіледі.
- Туберкулезбен науқасқа хирургиялық ем көрсеткіштер бойынша фтизиохirurg консультациясынан кейін емнің курсы аяқталғанға дейін жүргізіледі.
- Өкпеден тыс туберкулезбен науқасқа хирургиялық ем емнің *интенсивті фазасында* туберкулезді процестің асқынуы болғанда жүргізіледі.

I және II категориялы режимде бір компонентті туберкулезге қарсы препараттармен 18 жасқа дейінгі балалардағы туберкулезді емдеуде туберкулезге қарсы препараттардың тәуліктік дозасы және стандартты сызбалары

Бірінші қатардағы ТҚІмен емдеудің стандартты сызбасы

Категория	Интенсивті фаза	Ұстап тұрушы фаза
I	2-4 HRZE	4 HR немесе 4 HRE*
II	3-5 HRZE2S	5 HRE

Милиарлы туберкулезбен, туберкулезді менингитпен және сүйек – буын туберкулезімен науқастарды ТҚПдың бірінші қатарымен емдеудің стандартты сызбасы

Категория	Интенсивті фаза	Ұстап тұрушы фаза
I	4 HRZE немесе 2HRZS/2HRZE*	8HR немесе 8HRE **
II	5 HRZE2S	7HRE

Бірінші қатардағы ТҚПдың дәрілік түрлері мен дозировкасы

Препарат атауы	Дәрілік түрі	Белсенді заттың мөлшері
Изониазид	Таблетка, инъекцияға арналған ерітінді, сироп	100 мг, 300 мг, 500 мг, 4000 мг
Рифампицин	Капсула, таблетка, көктамырға енгізуге арналған ерітінді жасайтын лиофизирленген ұнтақ	150мг, 300мг
Пиразинамид	Таблетка	400 мг, 500 мг
Этамбутол	Таблетка, инъекцияға арналған ерітінді	100 мг, 400 мг, 500 мг/3 мл, 1000 мг, 2000 мг
Стрептомицин	Ерітінді жасауға арналған ұнтақ	1000 мг

5-30кг балаларға арналған ТҚПдың бірінші қатарының тәуліктік дозасының мүмкін болатын ауықулары және есептеу

Препараттар	мг/кг салмаққа тәуліктік дозаның есептелуі	мг/кг салмаққа мүмкін болатын тәуліктік дозаның ауытқуы	Максималды тәуліктік дозасы (мг)
Рифампицин	15	10-20	600
Изониазид	10	10-15	300
Пиразинамид	35	30-40	2000
Этамбутол	20	15-25	1200

I және II категориялы режимде салмағы 5-30 кг біркөмпонентті туберкулезге қарсы препараттармен 18 жасқа дейінгі балалардағы туберкулезді емдеудегі ТҚПдың тәуліктік дозалануы

Препарат атауы	Салмақ (кг)		
	5-10	11-20	21-30
<i>Интенсивті фаза – күнделікті қабылдау</i>			
Изониазид	50 - 100мг	100 - 200 мг	200 - 300мг
Рифампицин	75 - 150мг	150 - 300 мг	225 - 450 мг
Пиразинамид	175 - 350 мг	385 - 700 мг	735 - 1000 мг
Этамбутол	100 - 200мг	200 - 400 мг	400 - 600 мг
<i>Ұстап тұрушы фаза – күнделікті қабылдау</i>			
Изониазид	50 - 100мг	100 - 200 мг	200 - 300мг
Рифампицин	75 - 150мг	150 - 300 мг	225 - 450 мг
Этамбутол	100 - 200мг	200 - 400 мг	400 - 600 мг

Нақтыланған дозалы туберкулезге қарсы комбинирленген препараттар

Препарат атауы	Дәрілік түрі	Қабылдауға арналған дәрілік затта (в мг) белсенді зат мөлшері
		ежедневно
Рифампицин +Изониазид +Пиразинамид+Этамбутол	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	150+75+400+275
Рифампицин +Изониазид +Пиразинамид	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	60+30+150
Рифампицин +Изониазид +Этамбутол	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	150+75+275
Рифампицин +Изониазид	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	60+30
Рифампицин +Изониазид	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	150+75
Рифампицин +Изониазид	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	60+60
Рифампицин +Изониазид	Таблетка, покрытая пленочной оболочкой	150+150

Туберкулезбен науқастарды стационарлы емдеу

Туберкулезге қарсы стационарларда науқастарды бөлек госпитализациялау олардың қақырық жұғыны нәтижесіне, ДСТ және емнің тағайындалған режиміне байланысты келесі профильді бөлімшелер бойынша жүргізіледі:

- 1) рифампицинге сақталған сезімталдылықпен бактериябөлетін науқастарға арналған бөлімше;
- 2) КДТ ТБ/КД2Т ТБ (МЛУ/ШЛУ ТБ) науқастарға арналған бөлімше;
- 3) арнайы ем қабылдамайтын, бактериябөлетін созылмалы туберкулезбен науқастарға арналған бөлімше;
- 4) бактериябөлмейтін науқастарға арналған бөлімше;
- 5) Мәжбүрлі ем қабылдауға арналған бөлімше. Бөлімше ішінде науқастар эпидемиялық статусына байланысты бөлінеді;

Бактериябөлумен науқастарды емдеуге арнылған бөлімшелер эпидемиялық статусына байланысты зоналанады. Бактериябөлумен белгісіз дәрілік сезімталдылық статусымен науқастар ДСТ нәтижесі алынғанға дейін бір орындық палатада орналастырылады.

Туберкулезбен науқастарды амбулаторлы емдеуді ұйымдастыру

- Амбулаторлы ем бактерия бөлмейтін науқастарға жүргізіледі;.
- Бастапқыда бактерия бөлетін науқастар амбулаторлы емделуге кезекпен 10 күн аралығында алынған микроскопия нәтижелерінің екі реттік теріс нәтиже болғанда;
- бактерия бөлетін науқас толығымен стационарлы емнен бас тартқан жағдайда, оған инфекциянды бақылау шараларын сақтаумен үй жағдайында қақырық жұғыны конверсиясына қол жеткізілгенге дейінгі бақыланатын ем ұйымдастырады.
- БМСК Химизаторы дәрігерді алғаш амбулаторлы ем қабылдауға келген туберкулезбен науқас туралы ақпараттандырады.
- Арнайы ем қабылдайтын туберкулезбен науқастар 10 күнде бір рет жергілікті дәрігерлермен қаралады.
- Жоғары қауіп тобынан туберкулезбен науқасқа емнің толық курсы барысында психоәлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Диспансерлік бақылауды ұйымдастыру

Диспансерлік тіркеу және бақылау келесі группалар бойынша жүргізіледі:

- 1) нөлдік топ(0) – туберкулездің күмәнді белсенділігі бар адамдар;
- 2) Бірінші топ (I) – белсенді туберкулезбен адамдар;
- 3) Екінші топ (II) – активті емес туберкулезбен науқастар;
- 4) Үшінші топ (III) – туберкулез ауруының жоғары қаупі бар адамдар;

0 топта бақыланатындар:

- 1) туберкулезге күмәнданған адамдар, оларға БМСК орталықтарында туберкулезді анықтаудың стандартты алгоритмі жасалған соң өкпеде немесе басқа мүшелерде активті процесті жоққа шығару немесе нақтылау мүмкін болмаған жағдайда;
 - 2) балалар, туберкулиндік сезімталдылық көрінісін анықтау ды және дифференциалды диагностиканы қажет ететіндер.
- 0 группадағы тұлғаларға ТҚПтар қолдануға рұқсат етілмейді. Бақылау ұзақтығы – 6 айға дейін. Активті туберкулез анықталған жағдайда науқас бірінші топқа өткізіледі. Туберкулинді сынаманың инфекциянды этиологиясы тіркелген жағдайда бала III Б топқа көшіріледі.

I топта бактерия бөлумен және бөлусіз жүретін кез келген локализациялы туберкулездің активті формасымен науқастар бақыланады.

- 1) I А – Тб жаңа жағдайлары (I категория);
- 2) I Б – ТБ қайталанған жағдайы (II категория);
- 3) I В – ТБ дәрілік тұрақтылығымен жағдайы (IV категория);
- 4) I Г – науқастар:

- ТҚПмен емінін аяқтап нәтижесі «емнің сәтсіздігі» болған науқастар ;

- Емнің нәтижесі ТҚПды көтере алмау нәтижесінен «емнің сәтсіздігі» болған бактерия бөлумен жүретін науқастар;

IA, IB және IB тобындағы науқастарға емнің санатына байланысты химиотерапияның стандартты схемасы тағайындалады. Емнің нәтижесінде «сауыққан» немесе «ем аяқталған» жағдайда, науқастар ДТ II тобына өткізіледі.

IG тобындағы науқастарға ТҚПмен ем жүргізілмейді. Көрсеткіштер бойынша хирургиялық әдіс және коллапсотерапиямен бірге симптоматикалық (патогенетикалық) терапия жүргізіледі.

II топта ем курсы сәтті аяқтаған активті емес туберкулезді процеспен науқастар бақыланады.

Туберкулезді процестің рецидиві тіркелген жағдайда, науқас алдыңғы емге байланысты ДТ IB немесе IB тобына өткізіледі.

III топта туберкулезбен ауру қаупі жоғары науқастар тіркеледі және келесі топтарға жіктеледі:

1) III А:

- туберкулездің активті формасымен науқаспен байланыста болғандар;

- бактерия бөлуіне байланыссыз активті туберкулезбен науқаспен қатынаста болған балалар мен жасөспірімдер;

2) III Б:

- «алғаш анықталған, туберкулез микобактериясымен инфицирленген» балалар;

3) III В:

- БЦЖ вакцинасының енгізілуіне кері әсерлерімен;

Туберкулезбен науқастарды емдеудің нәтижелері :

1) *сауыққан* – қақырық бактериоскопиясы нәтижелері емнің соңында теріс, және , кем дегенде, алдыңғы бір зерттеуде.

2) *ем аяқталды* – науқас тағайындалған уақыт аралығында ТҚПдың барлығын қабылдады, бірақ «сауыққын» немесе «емнің сәтсіздігі» критерийлеріне жауап бермейді.

3) *Емнің сәтсіздігі* – науқаста:

- Полирезистенттілік пен ДСТнің ақпараты болмағанда, ГМБның изониазид пен рифампицинге сезімталдылығы сақтаулы бола емнің интенсивті фазасы соңында қақырық микроскопиясы нәтижесі оң күйінде қалса;

- Қақырық жұғыны конверсиясынан кейін бактериябөлушілік қайта қалыптасса;

- Полирезистенттілік пен ДСТнің ақпараты болмағанда, ГМБның изониазид пен рифампицинге сезімталдылығы сақтаулы бола баста теріс болған микроскопия нәтижесі емнің интенсивті фазасы соңында оң нәтижелі болса;

- ДСТне байланыссыз баста теріс болған микроскопия нәтижесі емнің ұстап тұрушы фазасы кезінде оң нәтижелі болса;

4) *Қайтыс болды* – науқас өлім себебіне байланыссыз ем алу кезінде қайтыс болса;

5) *режимді бұзу*– науқас емді екі немесе оданда көп уақытқа үзсе;

6) *өткізілген* – науқас басқа ем алу орнына тағайындау алу үшін немесе туберкулезге қарсы емді жалғастыруға көшірілген болса;

7) *IV категорияға өткізілген* – КДТ ТБ/КД2Т ТБ (МЛУ/ШЛУ ТБ) лабораторлы нақтыланған науқас , өкпеден тыс туберкулезбен КДТ ТБ/КД2Т ТБ (МЛУ/ШЛУ ТБ) күдіктенген науқас және бактериябөлмейтін КД2Т ТБ (МЛУ ТБ) мен қатынаста болған науқас бала.

IV категориялы науқастарды анықтау және тіркеу

КДТ ТБ және К2ДТ ТБ лабораторлы нақталған немесе күдіктелген науқастарды тіркеу және емдеу IV категорияда жүзеге асырылады. IV категорияға туберкулезбен науқастар жатады:

- 1) Лабораторлы нақтыланған КДТ ТБ (МЛУ ТБ)- бұл рифампицинге тұрақтылық нәтижесінің кез келген бактериологиялық (ВАСТЕС, Левенштейна-Йенсена) немесе молекулярлы-генетикалық әдіспен (Хpert MTB/RIF, Geno Type MTBDR®) алынған жағдай;
- 2) Бірінші қатардағы туберкулезге қарсы препараттармен I және II категориядағы емнің нәтижесінде «емнің сәтсіздігі» (КДТ ТБ (МЛУ ТБ) даму мүмкінділігі жоғары);
- 3) лабораторлы нақтыланған К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ);
- 4) Екінші қатардағы ТҚПмен емдеудегі емнің сәтсіздігі (К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) даму мүмкіншілігі жоғары);
- 5) ауру рецидиві дамуымен, аурудың бастапқа кезінде КДТ ТБ (МЛУ ТБ) анықталған науқастар, бірақ бірінші қатардағы ТҚПмен емінің соңында «сауыққан», «емнің аяқталуы» нәтижесі болған;
- 6) ауру рецидиві дамуымен, аурудың бастапқа кезінде КДТ ТБ (МЛУ ТБ) анықталған науқастар, бірақ екінші қатардағы ТҚПмен емінің соңында «сауыққан», «емнің аяқталуы» нәтижесі болған;
- 7) Қайталап ем алуға алынған, аурудың бастапқы эпизодтарында КДТ ТБ (МЛУ ТБ) анықталып, бірінші немесе екінші қатардағы ТҚПмен емінің соңы «режимнің бұзылуы» болған болса;

IV категориядағы науқастарды тіркеу келесі түр бойынша жүргізіледі:

1) IV категория, жаңа жағдай– алдында мүлдем ем қабылдамаған немесе I категорияда интенсивті фаза аяқталғанға дейін 1 айға дейінгі көлемде, емнің басталуына дейін жүргізілген ДСТте КДТ ТБ (МЛУ ТБ) болуын анықталған науқас.

2) IV категория, емнің сәтсіздігі;

3) IV категория, рецидив – алдын ТҚПдың бірінші немесе екінші қатарымен ем алу соңында “сауыққан” немесе “емнің аяқталуы” нәтижесімен, КДТ ТБ (МЛУ ТБ) лабораторлы нақталанған бактерия бөлумен жүретін науқас;

4) IV категория, үзілістен кейінгі ем – ТҚПның бірінші қатарымен, екінші қатар препараттарымен ем басталуға дейін, емделуде емді 2 ай немесе адан да көп уақытқа бөлген, КДТ ТБ (МЛУ ТБ) лабораторлы нақтыланған және бактерия бөлетін науқас;

5) IV категория, үзілістен кейінгі ем– ТҚПмен емді екі ай немесе оданда көп уақытқа үзуден соң емді қайта жалғастырған, КДТ ТБ (МЛУ ТБ) және/немесе К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) лабораторлы нақтыланған және бактерия бөлетін науқас;

6) IV категория, өткізілген – басқа орталықтан туберкулезге қарсы емін жалғастыруға немесе тағайындау алуға келген науқас;

7) IV категория, басқа – жоғары аталған түрлерге сәйкес келмейтін жағдайларды қамтиды ;

IV категория науқастарын емдеу

- 1) ТҚПдың бірінші, екінші және үшінші қатарымен емдеудің стандартты сызбасын қолдануға негізделген;
- 2) IV категорияда тіркелген науқастарға I және II категория емінің режимдері қолданылмайды;
- 3) арнайы даярланған медициналық қызметкердің бақылануымен барлық тағайындалған дәрілік

препараттардың қабылдауын бақылаумен жүргізіледі.

- 4) Үздіксіз екі этапта түргізіледі:

бірінші этап – интенсивті фаза - стационарда, келесіде жұғынның конверсиясына қол жеткізілген соң амбулаторлы жағдайда жүргізіледі;

Бактерия бөлмейтін науқастар басынан бастап ОДКК шешімімен амбулатория, санаторий немесе стационар алмастырушы орындарға ем алуға жіберіледі.

Екінші этап – ұстап тұрушы фаза, амбулатория, санатория немесе стационар алмастырушы орындарда жүзеге асады. Ұстап тұрашы фазаның клиникалық және әлеуметтік көрсеткіштеріне байланысты стационарда жүргізілуін ОДКК шешеді;

- Екінші қатардағы ТҚПға ДСТ сұйық және/немесе тығыз қоректік орталарда, әсіресе, аминогликозидтерге, капреомицинге және фторхинолондарға, бактериологиялық лабораторияларда жүргізіледі.

- Екінші қатардағы ТҚПдың ДСТ сұйық және тығыз қоректік орталарда жүргізілуі екінші қатардағы ТҚПмен емнің алдында IV категорияға тіркелген КДТ ТБ (МЛУ ТБ) мен науқастардың барлығына жүргізіледі.

- IV категориядағы науқастарды емдеуде ТҚПды қабылдаудың сызбасы, дозасы мен қабылдау жиілігін анықтау ОДКК құқығында.

Ересектерге арналған ТҚПдың тәуліктік дозалары

Препарат атауы	Салмақ (кг)			
	<33 кг	33-49 кг	50-70 кг	>70 кг
Интенсивті фаза – күнделікті қабылдау				
Пиразинамид (Z)	30-40 мг/кг	1000-1500	1500-2000	2000
Этамбутол (E)	25 мг/кг	800 -1200	1200-1600	1600-2000
Канамидин (Km) (1 гр.)	15-20 мг/кг	500-750	1000	1000
Капреомицин (Cm) (1 гр.)	15-20 мг/кг	500-750	1000	1000
Амикацин (Am) (1 гр.)	15-20 мг/кг	500-750	1000	1000
Офлоксацин (Ofx)	800	800	800	800-1000
Левифлоксацин (Lfx)	500	500	750-1000	1000
Моксифлоксацин (Mfx)	400	400	400	400
Этионамид (Eto)	15-20 мг/кг	500	750	1000
Протионамид (Pto)	15-20 мг/кг	500	750	1000
Циклосерин (Cs)	15-20 мг/кг	500	750	1000
ПАСК (PAS)	1500 мг/кг	8000	8000	8000
Линезолид (Lzd)	-	600	600	600
Клофазимин (Cfz)	-	300	300	300
Бедаквилин	-	400	400	400
Кларитромицин (Clr)	1000 мг дене салмағына тәуелсіз			
Амоксициллин-клавуланат (Amx-Clv)	50 кг дейінгі салмақта – амоксициллин дозасының 35 мг 1кг дене салмағына есебі бойынша; 50 кг және одан жоғары дене салмағында – 2000 мг амоксициллин			
Ұстап тұрушы фаза – күнделікті қабылдау				
Офлоксацин	600	600	800	800-1000
Левифлоксацин	500	500	750-1000	1000
Этионамид	15-20 мг/кг	500	750	1000
Протионамид	15-20 мг/кг	500	750	1000
Циклосерин	15-20 мг/кг	500	750	1000
ПАСК	1500 мг/кг	8000	8000	8000
Этамбутол	25 мг/кг	800	1200	1600
Линезолид (Lzd)	-	600	600	600
Клофазимин (Cfz)	-	300	300	300
Бедаквилин	-	400	400	400
Кларитромицин	1000 мг дене массасына тәуелсіз			
Амоксициллин-клавуланат	50 кг дейін дене салмағында – 1500 мг амоксициллин; 50 кг және одан жоғары дене салмағында – 2000 мг амоксициллин			

Балаларға арналған ТҚПдың тәуліктік дозасы (мг/кг)

Препарат	Тәуліктік доза, мг/кг/тәу.	Қабылдау жиілігі	Максималды тәуліктік доза
Канамицин	15-30	1 рет күніне	1 г
Амикацин	15-30	1 рет күніне	1 г
Капреомицин	15-30	1 рет күніне	1 г
Офлоксацин	15-20	2 рет күніне	800 мг
Левифлоксацин	7,5-10	1 рет күніне	750 мг
Моксифлоксацин	7,5-10	1 рет күніне	400 мг
Этионамид	15-20	2 рет күніне	1 г
Протионамид	15-20	2 рет күніне	1 г
Циклосерин	15-20	1 немесе 2 рет күніне	1 г
ПАСК	150	2 немесе 3 рет күніне	8 г
Пиразинамид	30-40	1 рет күніне	2 г
Этамбутол	25	1 рет күніне	1,6 г

-IV режиммен емделуде интенсивті фазада ТҚПдың екінші қатырының 4 тен аз емес препараттары, оның ішінде біреуі инъекция түрінде, қолданылады. Пиразинамидті міндетті түрде ем сызбасына қосады. Бірінші қатардағы ТҚПна сезімталдық сақталған болса, оларда ем сызбасына қосылады.

- Пиразинамидті КДТ ТБ (МЛУ ТБ)/К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) емінің интенсивті фазасының сызбасына ғна қосылады.

- Этамбутолға ТМБ сезімталдылығы сақталған болса, бұл препаратты IV категория емнің интенсивті, әрі ұстап тұрушы фазасы сызбасына да қосалы.

Емдеудің интенсивті фазасына ТК2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) науқасты ҚПдың 5 тобын құрайды:

1) 1 топ – пероралды ТҚП - этамбутол және/немесе пиразинамид оларға сақталған сезімталдық негізінде. Пиразинамид емнің бүкіл курс бойында көтере алуы анықталып қолданылады.

2) 2 топ – инъекционды препараттар (канамицин, капреомицин немесе амикацин). Амногликозидтерге сақталған сезімталдық негізінде аталған ТҚПды қолдану нақтыланған. Егер бұл препараттарға тұрақтылық болса, таңдау препараты капреомицин болып табылады.

3) 3 топ – соңғы буындағы фторхинолон тобындағы препараттар (моксифлоксацин);

4) 4 топ – екінші қатардағы бактериостатикалық ТҚП (этионамид/протионамид, циклосерин, ПАСК) көтере алуы ескеріліп емнің бүкіл курсы бойында қолданылады.

5) 5 топ– амоксициллин-клавуланат, кларитромицин, линезолид, клофазимин.

Интенсивті фаза:

- IV режим бойынша жұғынның теріс нәтижесі алынғанға дейін, 8-12 ай көлемінде жүргізіледі. IV режим бойынша емнің стандартты сызбасы:

$Cm/Km/Am + Ofx (Lfx) + Eto (Pto) + Cs + Z + PAS;$

- К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) бойынша жұғынның төрт теріс нәтижесі алынғанға дейін 12-15 ай көлемінде жүргізіледі. К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) емінің стандартты сызбасы:

$Z (E) + Cm/Km/Am + Mfx + Eto/Pto + Cs + PAS + Amx-Clv + Clr;$

Ұстап тұрушы фазада

-IV режим бойынша 3тен кем емес екінші қатардағы ТҚПтар міндетті түрде фторхинолондар тобындағы препаратты қосумен.

-К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) ұстап тұрушы фазасында - моксифлоксацин, амоксициллин-клавуланат, кларитромицин, сақталған сезімталдылық және көтере алған жағдайда - циклосерин, тиомиды және ПАСК.

-IV режим бойынша ұстап тұрушы фаза 12 ай көлемінде жүргізіледі. Емнің стандартты сызбасы:

Lfx (Ofx) + Pto (Eto) + Cs + PAS.

- К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) емінің ұстап тұрушы фазасы – 15-18 ай. Емнің стандартты сызбасы:

Mfx + Cs + Eto/Pto + PAS + Amx-Clv + Clr;

- IV режим бойынша емнің жалпы курсы 20-24 айды құрайды: интенсивті фаза – 8-12 ай; ұстап тұрушы фаза – 12 ай; К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) бойынша емнің жалпы курсы - 27-33 ай: интенсивті фаза: 12-15 ай, ұстап тұрушы фаза: 15-18 ай.
- IV режим және К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) бойынша ем алып жатқан науқастардың қақырықты дақылдық және микроскопиялық зерттеу жүргізіледі: интенсивті фазада – ай сайын, ұстап тұрушы фазада – әр квартал сайын.
- IV режим бойынша ұстап тұрушы фазаға өткізілу қақырық жұғынының екі реттік теріс нәтижесінде, ал К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) бойынша – айлық интервал бойынша алынған қақырық жұғынының төрт реттік теріс нәтижесі кезінде жүргізіледі.
- Интенсивті фазадан ұстап тұрушы фазаға 8 айдан кейін жұғынның теірс нәтижелеріне байланысты өткізіледі.

IV категория науқастарын диспансерлік бақылау

- IV категория науқастары, IV режим және К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) бойынша ем алып жатқан науқастар ДТдің ІВ тобында бақыланады;
- IV категория науқастары, арнайы ем алмайтын, ДТдің ІГ тобында бақыланады;
- IV категория науқастары, ІГ тобында бақыланатын науқастарға ТҚПмен ем көрсетілмеген.
- IV категория науқастары, ІГ тобында бақыланатын, симптоматикалық ем, негізгі аурудың асқынуы және патологияға қосарланған ауруларды емдеу арнайы стационарларда жүзеге асырылады.

1.IV категория науқастары, ІГ тобында бақыланатын, ТМБна қақырық жұғынын дақылдық және микроскопиялық зерттеу жарт ыжылда бір рет жүргізіледі.

2.IV категория науқастары, ІГ тобында бақыланатын, жалпы клиникалық анализдер, рентгенологиялық зерттеулер және басқа да аспаптық зерттеулер көрсетілімдер бойынша жүргізіледі.

3. IV және К2ДТ ТБ (ШЛУ ТБ) режим бойынша емнің толық курсы аяқталған соң, емнің «сауыққан» және «емнің аяқталуы» нәтижелерімен науқастар ДТдің ІІ тобында 2 жыл көлемінде бақыланады.

Өкпе туберкулезін хирургиялық емдеу

XIX ғ соңы мен XX ғасыр басында өкпе туберкулезімен науқастарды емдеу мақсатында жасанды пневмоторакс кеңінен қолданыла бастады. 1910-1913жж. швед терапевті Х. Якобеус плевралды қуысын қарау мен ондағы плевралық жабсыпаларды жою мақсатында торакоскопия мен термокаустиканы қолданды.

Өкпе туберкулезі кезінде операцияға көрсеткіштер келесі жағдайларда пайда болады:

- Химиотерапияның әсері жеткіліксіз болғанда, әсіресе ТМБның көптік дәрілік тұрақтылығы кезінде;
- Өкпеде, бронхтар мен плевра, лимфа түйіндеріндегі туберкулездік процеспен шақырылған фиброз және деструкциямен қайтымсыз морфологиялық өзгерістер кезінде;
- Туберкулездің өмірге қауіп тудыратын, клиникалық көрінісі бар және жағымсыз яқталуы мүмкін нәтижелері мен асқынулары кезінде;

Жиі өкпе туберкулезінің **хирургиялық ем** қолданатын түрлеріне туберкулема, кавернозды және фиброзды-кавернозды туберкулез жатады. *Сирек* өкпенің цирротикалық зақымдалуында, плевраның туберкулездік эмпиемасында, лимфа түйіндерінің казеозды-некротикалық зақымдалуы, казеозды пневмония кезінде қолданылады.

Туберкулезді процестің хирургиялық кірісуді қажет ететін соңы мен асқынуы:

- өкпеден қан кету
- Спонтанды пневмоторакс және пиопневмоторакс
- Нодулобронхиалды жыланкөз
- Басты және бөліктік бронхтың тыртықтық стенозы
- Іріңдеумен бронхоэктаздар
- Бронхолит (бронх тасы)
- Қан түкірумен пневмофиброз
- Тыныс алу мен қан айналым бұзылысымен жүретін панцирлі плеврит пен перикардит

Өкпе, плевра, кеудеішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі кезіндегі хирургиялық кірісулер:

- өкпе резекциясы және пневмонэктомия
- Торакопластика
- Экстраплевралды пломбировка
- Кавернаға операция (дренирлеу, кавернотомия, кавернопластика)
- Торакопластика
- Плеврэктомия
- Кеудеішілік лимфа түйіндерін алып тастау

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2014 жылғы 22 тамыздағы № 19 бұйрығы.
2. № 23 от «12» декабря 2013 года **КЛИНИЧЕСКИЙ ПРОТОКОЛ Туберкулез легких впервые выявленный без бактериовыделения с сохраненной чувствительностью МБТ, I категория.**
3. № 23 от «12» декабря 2013 года **КЛИНИЧЕСКИЙ ПРОТОКОЛ Туберкулез легких с сохраненной чувствительностью МТ с бактериовыделением и без бактериовыделения, II категория, повторные случаи.**
4. www.piluli.kharkov.ua › Справочник лекарств
5. www.likar.info › Лекарства